

Көру қабілеті бұзылған балаларды білім беру ортасына бейімдеу

Көру қабілеті бұзылған балалар арнайы білім беру тәсілдерін және мектеп ортасына бейімделуді қажет етеді. Бала өзін жайлы сезініп, білім алу үшін қолайлы жағдай жасау маңызды.

1. Білім беру ортасын бейімдеу

1.1. Кеңістікті ұйымдастыру

- Сынып пен үйдегі қажетсіз кедергілерді алып тастау, қауіпсіз қозғалу жолдарын жасау.
- Жиһаз бен оқу материалдарының түсін қарама-қарсы реңктерде безендіру.
- Жақсы жарықтандыру, шағылысулар мен көлеңкелерден аулақ болу.

1.2. Әлеуметтік бейімделу

- Құрдастары арасында толеранттылықты қалыптастыру (әңгімелер, бірлескен ойындар, баланың ерекшеліктерін түсіндіру).
- Балаға қолдау көрсету, оның жетістіктерін мадақтау.
- «Көмекші дос» тағайындау, ол баланы қажет кезде қолдай алады.

1.3. Психологиялық қолдау

- Баланың қажеттіліктерін құрметтеу, оның пікірін ескеру.
- Эмоциялық тұрғыдан жайлы орта құру.
- Бейнелі ойындар мен шығармашылық іс-әрекеттер арқылы өзіне деген сенімділікті дамыту.

2. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және дамыту әдістері

2.1. Арнайы оқыту әдістері

- Сенсорлық қабылдауды дамыту (көлемді, бедерлі модельдер, Брайль шрифті).
- Аудиоматериалдарды пайдалану (аудиокітаптар, дыбыстық көмекшілер).
- Үлкейтілген бейнелеу әдісі (ірі шрифті мәтіндер, қарама-қарсы түстер, тактильді схемалар).

2.2. Кеңістіктік бағдарлауды дамыту

- Кеңістікті сезіну ойындары (лабиринттер, маршруттар құру).
- Тактильді карталар мен арнайы таяқтарды пайдалану.
- Түрлі беткі қабаттармен жұмыс жасау арқылы моториканы дамыту.

2.3. Заманауи технологияларды қолдану

- Арнайы бағдарламалар (экранды үлкейткіштер, дыбыстық дикторлар).

- Дыбыстық оқулықтар және электрондық құрылғылар (диктофон, тактильді планшеттер).
- Бедерлі- графикалық оқу құралдары.

Қорытынды

Көру қабілеті бұзылған балаларға жайлы білім беру ортасын құру – ата-аналар мен мұғалімдердің ортақ міндеті. Бастысы – баланың ерекшеліктерін ескеріп, оны эмоционалды қолдау және тиімді оқыту әдістерін пайдалану.

Тифлопедагог Аубакирова С.Х.

